

Қазақ білім академиясының

**БАЯНДАМАЛАРЫ**

*Тоқсандық журнал  
2008 жылдан бастап шығады*



**ДОКЛАДЫ**

**Казакской академии  
образования**

*Ежеквартальный журнал  
издается с 2008 года*

Журналда келесі бағыттардағы ғылыми зерттеулер көрініс табады:

- педагогика;
- психология;
- тарих;
- филология;
- философия;
- саясаттану;
- әлеуметтану;
- әлеуметтік жұмыс;
- экономика;
- құқықтану.

В журнале отражаются результаты научных исследований по направлениям:

- педагогика;
- психология;
- история;
- филология;
- философия;
- политология;
- социология;
- социальная работа;
- экономика;
- юриспруденция.

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласын бақылау жөніндегі комитеті Коллегиясының шешімімен диссертациялардың негізгі қорытындыларын баспаға шығаруға ұсынылатын Ғылыми басылымдар тізіміне енгізілген**

**Решением Коллегии Комитета по контролю в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан включен в Перечень научных изданий, рекомендуемых для публикаций основных результатов диссертаций**

Журналда Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің қазіргі жағдайының нәтижелері басылады, білім беру теориясы мен тәжірибесі мәселелері талқыланады.

В журнале публикуются результаты исследований современного состояния системы образования в Республике Казахстан, обсуждаются вопросы теории и практики образования.

**БІЗДІ ЖОО-ЛАРДЫҢ ОҚЫТУШЫЛАРЫ, БІЛІМ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, ЕЛІМІЗДЕГІ КІТАПХАНАЛАРДЫҢ МИЛЛИОНДАҒАН ОҚЫРМАНДАРЫ ОҚИДЫ**

**Жазылым индексі: 74182**

Баспаның мекенжайы: 010009, Нұр-Сұлтан қ., Жұмабаев к-сі, 3.

Телефон/факс: (7172) 56-19-33

E-mail: eagi@list.ru

**Бас редактор:**

Оспанова Ярослава Николаевна, п.ғ.к., доцент

**Бас редактордың орынбасары:**

Шормақова Айжан Ботанқызы, п.ғ.к., доцент

**Құрылтайшы – «Қазақ білім академиясы» Қазақстан Республикасының  
ғалымдары мен педагогтерінің қоғамдық ұйымы**

БАҚ - қа тіркелгендігі туралы № 9608 - Ж куәлікті Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат министрлігі 2008 жылы 4 қарашада берген

**Редакциялық кеңестің төрағасы**

Құсайынов А.Қ., т.ғ.д., профессор

**Редакциялық алқаның мүшелері**

Абдурасулова К.Р., з.ғ.д., профессор (Өзбекстан Республикасы)

Абдрашитова Т.А., психол.ғ.д., доцент

Айтқазин Т.Қ., филос.ғ.д., профессор

Арабаев А.А., з.ғ.д., профессор (Қырғызстан Республикасы)

Ахметов Қ.Ә., т.ғ.д., профессор

Аширбекова А.Д.

Букалорова Л.А., з.ғ.д., профессор (Ресей Федерациясы)

Болянос Х.Э., PhD, профессор (Испания)

Борбасов С.М., саясаттану ғ.д., профессор

Волкова Л.В., п.ғ.к., доцент

Дәдебаев Ж.Д., ф.ғ.д., профессор

Дронзина Т.А., саясаттану ғ.д., профессор (Болгария Республикасы)

Евгениева Е.Х., п.ғ.д., доцент (Болгария Республикасы)

Жекова Р.Ж., саясаттану ғ.д., доцент (Болгария Республикасы)

Иншаков О.В., э.ғ.д., профессор (Ресей Федерациясы)

Исмаилов А.Ж., психол.ғ.к., профессор

Қадырбаев А.Ш., т.ғ.д., профессор (Ресей Федерациясы)

Қадыров Б.Р., психол.ғ.д., профессор (Өзбекстан Республикасы)

Кодин Е.В., т.ғ.д., профессор (Ресей Федерациясы)

Косанов Ж.Х., з.ғ.д., профессор

Кузьменко В.В., п.ғ.д., профессор (Украина Республикасы)

Мамаділ Қ.А., ф.ғ.к., доцент

Пакуш Л.В., э.ғ.д., профессор (Беларусь Республикасы)

Рындак В.Г., п.ғ.д., профессор (Ресей Федерациясы)

Сарсекеев Б.С., п.ғ.д., доцент

Слюсаренко Н.В., п.ғ.д., профессор (Украина Республикасы)

Терзийска П.М., п.ғ.к., доцент (Болгария Республикасы)

Жауапты хатшы: Мұхамбетова Қ.А.

Компьютерлік беттеу: Сыздыкова А.С.

**ЖАРНАМАҢЫЗДЫ БЕРУГЕ ШАҚЫРАМЫЗ**

Жарнама жөніндегі менеджер – Хамзина Салтанат Болатқызы

Телефон/факс: (7172) 56-19-33. E-mail: [agi@list.ru](mailto:agi@list.ru)

# ҚАЗАҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ БАЯНДАМАЛАРЫ 2/2020

Журнал 2008 жылдан бастап шығады

---

МАЗМҰНЫ	СОДЕРЖАНИЕ	
<i>ЖАЛПЫ ПЕДАГОГИКА. ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ ТАРИХЫ. ЭТНОПЕДАГОГИКА</i>		
<i>ОБЩАЯ ПЕДАГОГИКА. ИСТОРИЯ ПЕДАГОГИКИ И ОБРАЗОВАНИЯ. ЭТНОПЕДАГОГИКА</i>		
А.К. Нургалиева	Ответственность личности как социально-значимая характеристика человеческого общества	6
А.К. Нургалиева		
Д.С. Шахметова		
Үа.N. Ospanova	Experiment as the space for forming tolerance of adolescents towards the children with special educational needs in the interest club	13
L.V. Volkova		
Н.Т. Нығыманова	Ұлттық мәдени құндылықтардың білім мазмұнында алатын орны	21
М.Д. Есекешева		
Г.Ж. Лекерова	Характер общения и взаимодействия родителей в инклюзивном образовании	28
Ж.У. Керимбекова		
Ж.Т. Досжанова		
А.Т. Сарипбекова		
К.К. Досанова	Эпическое искусство казахского народа в современном образовании	34
А.С. Сарсекеев	Білім берудің жаңартылған мазмұны: басқа көзқарас	42
Л.К. Маймакова	Поликультурное образование: сущность и перспективы профессиональной подготовки будущего учителя музыки	50
Г.А. Хусаинова		
Д.К. Акбулатов	Концептуальная модель обучения английскому языку на основе метода ВОД (вовлечение, обучение, действие)	57
М.Ж. Тусупбекова		
С.К. Муканова		
А.М. Жандильдинова		
С.А. Шыршықбаев	Дене шынықтыру сабақтарында әдістер тобын қолданудың әдістемелік негіздері	66
К.С. Абишев		
Қ.Қ. Унтаев		
А.А. Азтаев		
В.С. Евсеев	Информационно-коммуникативные технологии в организации дистанционного обучения иностранным языкам	75
А.У. Ильясова		
Г.У. Аренова		
Ж.Д. Нуржанова		
Қ. Мырзақұлов	Қазақтың ұлттық ойындарының жас ұрпаққа дене тәрбиесін оқытудағы маңызы	81
А.Л. Надыров		
Б. Елшиев		

Б.Б. Атышева			
Г.Ә. Абдикаримова	Пәнаралық байланыстағы Қазақстанның балалар және	90	
К.И. Алшынбаев	жастар туризмінің тарихы мен даму ерекшеліктері		
М. Гусеинов			
Т.А. Қадырбаев			
А.И. Примбетова	Қазіргі заманғы педагогика ғылымындағы экологиялық	98	
Г.П. Мейрбекова	білімнің қалыптасуы мен дамуы		
К.Ж. Аганина	Методологические аспекты формирования	105	
Д.Е. Саудабаева	профессиональной компетентности будущих менеджеров в сфере образования		
А.К. Альжанов	Жоғары оқу орындарында білім беру үрдісінің сапасын	112	
Р.С. Ахитова	арттыруындағы Кайдзен стратегиясының қолданылуы		
Ұ.Қ. Қыяқбаева	Қазақ ағартушыларының еңбектеріндегі лидер мәселесі	118	
А.А. Алимбекова			
Т.С. Жұмашева			
Н.Ж. Сәрсенбеков	Бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар	125	
М.С. Қайырбек	арқылы тәрбелеудің негіздері		
Ғ.М. Әбілқасов			
М.А. Кусайнова			
А.Т. Аязбаева	Болашақ педагогтарда кәсіби құзыреттілікті	132	
	қалыптастыру		
А.К. Темиргалинова	Формирование этнокультурной компетентности	138	
	студентов в полиэтнической среде вуза		
А.М. Сугуралиева	Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберіндегі	145	
	педагогтардың кәсіби қалыптасуы		
Ж.Х. Салханова	Специфика дудипломного образования в системе	153	
А.С. Мағауова	современных педагогических моделей		
А.С. Утебекова			
Д.Н. Нұрғабыл	Блум таксономиясы негізінде оқушы білімін бағалаудың	161	
М. Шакен	кейбір өзекті мәселелері		
А.Б. Сағат			
З.Е. Жумабаева	Живое слово – есть первое проявление связной речи (по	170	
А.В. Козлова	Е.И. Тихеевой)		
<u>З.С. Бұқаева</u>			
Б.Ш. Байжуманова	Педагогтардың еңбек өтілі мерзімі мен кәсіби қажуы	178	
Г.Б. Бекботаева	арасындағы байланыс		
Б.М. Жапарова	Бастауыш сынып пәндерін интеграциялау негізінде	183	
Н. Муратбек	білім беру сапасын арттыру		
Т.Н. Кемайкина	Диагностика в сопровождении приемной семьи	191	
Т.А. Абдрашитова			
S.A. Meiramova	Exchange of civilization and courtiers' cultures within the	201	
	framework of economic zone of silk way		
А.Т. Изакова	Тест как метод оценки уровня управленческих	206	
Т.Н. Кемайкина	компетенций		
С.Т. Кыдырмолдина			
А.Б. Шормақова	Қошке Кеменгерұлының әдеби-танымдық	215	
	еңбектеріндегі педагогикалық ой-тұжырымдар		
Т.А. Абдрашитова	Место и роль теории в практике диалогического	223	
М.Д. Есекешева	консультирования		

Ж.Е. Турманова Г.К. Айкинбаева Б.Ш. Байжуманова Б.Т. Абенова	Білім беру саласындағы сандық технологияларды қолданудың психологиялық мәселелері Особенности практической подготовки учащихся в сельских профессионально-технических училищах Казахстана (1960-1980 г.г.)	230 237
-----------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------

***ФИЛОСОФИЯ, ТАРИХ, ПСИХОЛОГИЯ  
ФИЛОСОФИЯ, ИСТОРИЯ, ПСИХОЛОГИЯ***

Y.S. Doukov B.B. Алексеев	Russell's description of experience Гуманитарные связи и презентации русской и советской культуры в Великобритании в период Великой Отечественной войны	247 257
И.Р. Веренчиков М.М. Мелихова	Эволюция теоретических и прикладных взглядов на эмпатию подростков	273

***ФИЛОЛОГИЯ***

Г.Р. Даутова Л.К. Мейрамбекова Ж.А. Құсайынова	Түркі халық эпостарындағы қаһарман қыздар образы Қазіргі поэзиялық шығармалардағы субъективтік модальділікті қалыптастыратын тілдік амалдар көрінісі Метафоралардың метамәтін тудырудағы қызметі	282 291 297
Ж.Ә. Аймұхамбет С.Ш. Айтуғанова А. Сейпуганова Ұ. Қараханқызы P. Bissenbaev E. Karbozov С.С. Шоқабаева	Fairy-tale motifs and fantastic images in the epics Қазіргі қазақ тіліндегі -ғы, -гі, -қы, -кі жұрнағының сөзжасамдық қызметі	306 317
С.Ж. Ерғалиева А.Ж. Анесова Қ.С. Ерғалиев Қ.Қ. Мұқанова	Саяси интернет-түсіндірмелерде қарапайым тілдік сананың көрінісі Оқу үрдісін белсендіруге негізделген қатысымдық ойын түрлері	322 328
А.М. Куркимбаева М.К. Адырбекова Е.Т. Burankulova	Туристік дискурстың лингвомәдени аспектісі Баспасөз мақаласының тақырыптық иландыру тәсілдері Gender stereotypes in the Kazakh and Tatar lexis- paremiologic system	343 349 355
Ә. Әбсаттар Қ.К. Кенжалин Д.Ә. Балтабай С.С. Нуркенова К.У. Кинжағалиева Л.Н. Дәуренбекова Н.М. Қоқышева	Цифрлық технологияның телевизияға ықпалы Әскери ұғымдарға байланысты көнерген сөздер Стратификация элементов стилистически сниженной лексики А. Құнанбайұлының мысал жанрын аударудағы ұстанымы	363 371 378 387

**ӘОЖ 821.512.1.0.**

**ТҮРКІ ХАЛЫҚ ЭПОСТАРЫНДАҒЫ ҚАҒАРМАН ҚЫЗДАР  
ОБРАЗЫ**

**Г.Р. ДАУТОВА**

PhD доктор,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**Л.К. МЕЙРАМБЕКОВА**

PhD доктор,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

**Аннотация**

Мақалада түркі эпосындағы қаһарман қыздар бейнесі, атқаратын қызметі салыстырмалы түрде қарастырылады. Эпикалық әйел образдары матриархаттық дәстүрмен, түркі халықтарының рухани мәдениетінде маңызды орын алатын тотемдік мифологиядағы ежелгі көзқарастармен тығыз байланысты екені сипатталады. Сондай-ақ, қаһарман қыздардың негізгі қызметі өзінің жақындарын – ағасын, жолдасын, ата-анасын құтқару болып табылады. Қауіп төнген жағдайда қаһарман қыздар қолына қару алып, елін қорғайды деген тұжырым ұсынылады.

*Түйін сөздер:* фольклор, эпос, батыр, матриархат, эпикалық сюжет, мотивтер

Әлемдік фольклортануда қаһарман ерлермен бірге ерлік жасайтын әйелдердің бейнелері кеңінен ұсынылған. Негізгі кейіпкерлері жауынгер әйелдер болып табылатын түркі-моңғол халықтарының эпикалық және ертегілік туындыларының қаһармандары ретінде ағасын немесе жолдасын өлімге душар еткен жаулардың сазайын тартқызатын батырдың қарындасы немесе әйелі көрініс табады. Түркі халықтары эпостарының ішінде қазақ, қырғыз, түрік, татар т.б. эпостарындағы әйел кеңесші және түсінік беруші болып табылады. Эпос зерттеушілері әйелдің мұндай дәрежеге ие

болуы түркі халық ерте энтогенезіндегі әйелдік тектің бастаушы ретінде көрінуімен байланысты деп санайды. Егер этноста әйелге деген құрмет, оның сұлулығы мен табиғатына тамсану болмаса, эпостағы көне архаикалық қатпарлардың сақталуы екіталай еді. Эпикалық туындылардың әр жолында сұлулыққа деген көзқарас, әсемдікті сезіну кездеседі. Мұның құрылуына себеп болған басты нәрсе – шындықтың эстетикалық мәнін ұғу. Әйелдің ең үздік қасиеттеріне сыртқы сұлулығымен қатар ішкі қасиеттері, жан дүниесінің тазалығы, ақылы жатады.

Эпикалық мәтіндерде батыр әйел басқа антропоморфтық кейіпке ене отырып, ер адамның бейнесінде де кездеседі. «Қыс Бухатыыр» олонхосында батыр әйел әскери жорық алдында дәстүрлі олонхо мәнеріне сай батыр еркектің образына енеді. Олонхода қаһарманның нақты портреті сипатталмайды. Бұған батыр еркектің дәстүрлі портретінің батыр әйелдің портретіне сәйкес келмеуі себеп болса керек. Бірақ ол батыр кейпіне ене салысымен, эпоста айыы батырына тән сыртқы келбетті суреттеу сипаты басталады. «Ай Хуучин» хакас эпосында үлкен әпкесі батыр қыз Хыс Хан тек өлгеннен соң өзінің шын кейіпіне енеді. Бұл – тек әскери іс үшін туылған батыр қыздың некесіздігінің ежелгі мотивінің көрінісі. Берілген эпоста ол дәстүр бойынша емес, өзінің қалауымен асқан ерлікпен туған жерін қорғау және оның мұрагері – інісін тәрбиелеу үшін жеке өмірінен бас тартады. Хыс Хан күйеу жігіттер құда түсіп келмеу үшін өмір бойы бетперде киіп өткен. Оның үстіне, тіпті, өзінің есімін Хыс Хан (хан қыз) деп өзгертеді. Ал оның шын есімі - Ай-Чарых-Хыс. Хыс Хан сонымен қатар ерекше қасиетке ие – ол көріпкел, бәрін естуші, дана әйел, бұл эпостың ежелгі қабаты – дана ата-бабалар жайлы мифтерге жатады.

Басты кейіпкер батыр қыз Ай Хуучин күрес барысында көкек құсқа айналып, күрес алаңынан алшақ ұшып кетеді. Хакастық эпоста көкек құс белгілі бір орын алады. Бұл Хыс Ханның әпкесін жерлеу кезінде таза дауысты көкек құс сайраған эпизодта сипатталады. Ол Хыс Хан, Хан Мерген, сонымен қатар ата-анасы және Ай Хуучиннің өзі жататын текті әулет өкілдерінің құпия қабірінің орналасу орны туралы мәлімет береді. Бұл құс бейнесі хакастардың шамандыққа дейінгі мифологиясы – тотемдік көзқараспен байланысты болса керек.

«Ағасы мен қарындасы туралы ертегі» атты тувалық эпоста [1] Бокту Кириш батыр мен оның қарындасы Бора Шэлей туралы сөз болады. Ағасы күтпеген жерден қаза тапқаннан кейін қарындасы оның кейіпіне еніп, ағасының атынан күйеу жігіттерге арналған сайыстарға қатысып, тірілтуші қалыңдықты табады. Бұдан кейін ол қоянға

айналып, қашып кетеді. Тувалық шығармалардың зерттеушісі С.М.Орусоол атап көрсеткендей: «...Боктуг-Кириш және Бора-Шәлей» туындысында қаза тапқан ағасы үшін батырлық күрестерге баратын ақылды, тапқыр, батыл қыздың образы құрылған. Бора-Шәлей – мерген садақшы, жақсы шабандоз, жауынгер батыр» [2]. Бұған ұқсас мотивтер қазақ дастаны «Жаскелеңде» де кездеседі, мұнда да батырдың қарындасы Аягөздің ерлігі суреттеледі. Жаскелең Найман деген қалмақ ханының қызы Қоңыршаны түсінде көріп ғашық болып, анасының батасын да алмай сапарға аттанады. Фольклортанушы Б.Әзібаева дастандардағы сюжет, мотивтерді зерттей келе, оларды екіге бөліп қарастырады. Сонымен қатар, «ғашықтық дастан мен байырғы эпостың жанрлық белгілері, ерекшеліктері біртұтас құбылыс ретінде көрініс береді, аталған жанрлардың дәстүрлі тәсіл, әдістері тығыз байланыса үлкен шеберлікпен ұштасып, түсінде көріп ғашық болған қызға қосылуды армандаған Жаскелеңнің батырлық тұлғасын сомдауға қызмет етеді» деп сипаттайды [3, 125 б.]. Батыр Оразбайдың отыз мың әскерімен соғысып жатқанына он үш күн болғанда тұлпары шаршап, әлсірейді. Батырдың рухы түсе бастайды. Баласының қиындыққа душар болғанын түсінде көрген анасы қарындасы Аягөзді көмекке жібереді. Ағасына көмекке келіп:

Он екі күндей ұрысып,  
Он екі мыңын жығыпты.  
Қалғандары қалмақтың  
Сайға қашты жүгіріп  
Белінен алды Аягөз  
Атайын деп қол жанап  
Жез қаптаған садақты-ай  
Қалмақты қырып келеді  
Бет алдына қаратпай  
«Он үш күнде айналып,  
Қалмақты қырып болыпты,

Екпіні қыздың шыдатпай» – деп суреттелетін [3, 29 б.] Жаскелеңнің қарындасы – батыр қыз Аягөздің бейнесі көне эпостағы отбасы, жақындарын қорғайтын батыр әйел типіне жатады. Қарт ананың Жаскелеңге тұлпар, қару сыйлауы, анасының батасын алмай сапарға аттануы да архаикалық мотивтердің бірі. «Әкесінің баласымен жекпе-жегі», «ағасының қарындасымен жекпе-жегі», «қалыңдықтың күйеу баламен жекпе-жегі» мотивтері анаеркі кезеңі ыдырап, атаеркі кезеңіне өту кезінде пайда болған деп болжауға болады.



Бірін-бірі танымаған ағалы-қарындас жекпе-жекке шығады. Екеуінің күштері тең болып, жекпе-жек сәтті аяқталады. Мұнда әйелдің ерлігі батырдан кем емес екендігі, әйелдің көмегімен жауды жеңгені ерекшеленіп көрсетіледі. Бір тараптан, Аягөздің бейнесі архаикалық эпостарда жиі кездесетін ағасының немесе інісінің орнына жаумен күресетін батыр әйел образына жақын.

Эпоста жар таңдау мотиві арқылы әйел бейнесі тұлғалана түседі. Мысалға, «Дариға қыз» дастандық эпосында жоғарыда атап өткен мотивтердің бірі – «күйеу жігітпен жекпе-жекке шығу» айқын көрініс табады. Дастан өзі екі бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімінде ерлікпен үйлену мотиві арқылы Дариға қыздың бейнесі жан-жақты сипатталады. Дастанның сюжетіне қысқаша тоқталсақ, оқиға Әлидің атағы жер жарған Дариғамен күш сынасуынан басталады. Олардың бұл шайқасы он бес күн, он бес түнге созылады. Әли бір мәрте ғана күресті тоқтатуға өтініш жасайды, оның себебі осы уақыттағы бүкіл қаза болған намаздарын өтеу еді. Қызбен жекпе-жекте әбден түңілген Әли Алладан көмек сұрайды. Тілеуі қабыл болып, Дариғаны жеңіп, оған үйленеді. Бір күні Әли өзінің туған жеріне қайтады. Дариғадан туған ұлы ерекше болып өседі. Ер жеткенде әкесі туралы жұрттан естіген ұлы Маһди шешесін тыңдамай, әкесін іздеуге шығады. Көптеген қиындықтардан өтіп, Әлидің өзінің он жеті ұлының батырлық жекпе-жегіне қарап отырғанына куә болады. Маһди оның он жеті ұлын түгел жеңгенде, атакқұмар Әли жекпе-жекке өзі шығады. Маһдидің «О, менің арыстан әкем, Әли, маған күш бер!» деп мінәжат еткенін естігенде, іштей құдайға алғысын білдіріп, мұның өз ұлы екеніне көз жетеді. Әкесімен жекпе-жекке шығуды ұят көрген Маһди тауға қашып, жер астына тығылады.

Егер басқа зерттеушілер дастандағы ислам дінін насихаттауға көп көңіл бөлсе, біз әйелдің ерлігі, батырлығын көрсетіп Дариғаның бейнесін ашуға назар аудардық.

Қыз қылып Дариғаны Құдай қылған,

Қыз болса да еркектен артық болған,

Бұл жерде шаһарлардың адамдары

Тұрады Дариғаның әмірі бірлән [4, 41 б.] – деп жырланатын Дариға тек алып күш иесі ғана емес, сонымен қатар елінің батыры, ханға лайық құрмет пен сенімге ие тұлға ретінде суреттеледі.

Түркі халықтарының фольклорында батыр қыздар өздеріне күйеу болуға лайық ерлерді жолықтырады. Егер қыз жеңіліс тапса, ол жауынгерлік жолдан бас тартып, тұрмысқа шығады, егер жеңсе, жігіттің басын алады. Батыр қыздар өздеріне лайық емес батырмен

жекпе-жекке шыққанда оны жеңудің айла, тәсілдерін білген. Алғаш күрескенде Дариғадан жеңіле бастаған Әли құдайға құлшылық етіп күш жинайды да, екінші рет жекпе-жекке шыққанда жеңеді. Дариға өзінің күшіне сенеді. Әдетте, батыр қыздар жекпе-жекте ешкімге есесін жібермейді. Сонымен қатар, жекпе-жекте олар өздері теңі деп тапқан, өздері ұнатқан ерлердің жеңіске жетуіне мүмкіндік берген. Дариға да Әлидің болашақ жары болатынын сезеді. Осы жар таңдау мотиві арқылы тек ер батырдың ғана емес, әйел батырлардың да мінез ерекшелігі, жалпы бейнесі анықталады.

Қырғыз фольклорында да әйел батырлардың образы қазақ фольклорындағы анаеркі дәуірінен бері келе жатыр. Қаһармандық эпостың тақырыбы көбіне соғысқа арналады және ондағы басты қаһармандар ерлер болады. Эпостың терең қатпарында батыр қыз Сайқалдың алатын орны ерекше. Ол өзінің бастауын анаеркі дәуірінен алатынын оның эпостың өзге батырларымен күш сынасқанынан, өзінің жері мен руын қорғауынан көруге болады. Халық арасында «Сайқал қыз» архаикалық-батырлық эпосы бар. Батыр қыз туралы ежелгі мотив түркі-моңғол халықтарының, оның ішінде алтайлықтар, шор, хакастықтардың халық ауыз шығармашылығында жиі кездеседі. Мәселен, «Алып – Манаш», «Алтын-Тана», «Алтын-Арыг» және тағы басқа эпостары. Бұл әсіресе, архаикалық эпостың негізін құрайтын батырдың үйлену тойында, қалыңдық пен күйеу жігіттің күш сынастыру кезінде көрінеді. Қырғыз эпосы «Манаста» батыр қыздың күйеу жігітпен күш сынасу кезінде жеңіске жетуі, одан соң оның әпкесінің көмекке келіп, ерлерше киініп, жеңіске жеткен соң қалыңдықты өзінің келіні ретінде алып кету мотивтері өзгерген түрде кездеседі. Осылайша, Сайқал Теиш ханның тойында өзімен күресіп жатқан Манастың өзін аттан түсіре жаздайды, себебі ол Манасқа ұнап қалған еді. Дастанды айтушылардың сөзіне қарағанда Сайқал Манасты ертоқымына қайта отырғызады, себебі оның елінің алдында абыройсыз болып қалуын қаламаған еді. Сайқал халық анасы Қаныкейден соң екінші әйел болуға келіспейді, ол халық сенімі бойынша батырдың өлімнен соңғы өмірінде әйелі боламын деп шарт қояды. Сайқал қыздың образы өзінің батырлығымен, адамгершілігі мен әйелдік қасиеттерімен эпостың ежелгі қатпарларында айтарлықтай орын алды.

Батыр қыздардың образын жасау жалпы түркі халықтарының эпикалық мифологиялық шығармаларына тән сипат болып табылады. Егер батыр қыз Сайқал өлімнен соңғы өмірінде Манастың әйелі болуға дайын болса, батырлардың кәдімгі өмірінде де орын алған әйел образдар бар: Ер Төстіктікі – Кенжеке, Манастікі – халық анасы

Қаныкей. Мұнда көп әйелділік шығыс халықтарының эпосына тән құбылыс екенін атап өту керек. Тек «Манас» эпосында ғана емес, өзге де қырғыз эпостарында, мәселен «Жаңыл мырза» жырында да әйелдер шешуші рөл атқарады. Қырғыздың «Жаңыл-мырза» жыры өзге эпостарға қарағанда ерекше әрі маңызды орынға ие. Мұның ерекшелігі: әдеттегі батыр жігіт орнына сыртқы және ішкі жаулардан елін қорғайтын батыр әйел образының болуы. Қырғыз халық эпостарында Қаныкей, Сайқал қыз секілді өзге де батыр әйел образдары кездеседі. Жаңыл Мырза образының өзге батыр әйелдер образынан айырмашылығы сол ол өзінің бар ғұмырын елінің арнамысы мен абыройын қорғауға арнайды.

Жаңыл батырға типтес бейненің бірі – «Қырық қыз» қарақалпақ батырлық эпосының бас қаһарманы Гүләйім. Саркоп қаласында тұратын Аллаяр деген байдың алты ұлы мен Гүләйім деген қызы болады. Гүләйім бой жеткен соң, құда түсушілер саны көбейе бастайды. Бірақ қыз ешқайсысын ұнатпай, қайтарып жібереді. Содан кейін Гүләйім жанына қырық қызды ертіп, Муалы деген жайлауға қорған салдырып, көшіп кетеді.

Гүләйім қырық қыздан құрылған топ құрып, күресу амалдарын, алысудың айласын, құрал-жарақты қалай пайдалану керектігін үйретіп, елін қорғауға дайындайды. Қалмақ ханы Сұртайша Саркоп қаласына шабуыл жасайды. Қала тұрғындарын тұтқынға алады. Бұл хабарды естіген Гүләйім қырық қыз-жауынгерлерін ертіп, қалмақ ханына қарсы күреседі:

..Миуалыны жайлаған,  
Қырық қыз ертіп соңына,  
Соғысқа белін байлаған.  
Гүләйімдей перизат  
Бедеулерін баптаған,  
Қаруларын сайлаған.  
Қырық күншілік жорыққа  
Бір күні сапар шегеді.  
Шынықтырып аттардың  
Ащы терін төгеді... [ 5, 34 б.]

Гүләйім, қырық қыз-жауынгерлер мен Хорезм қаласының батыр жігіті Арыстан басына келген қиындықтарға қарамастан, олар басқыншыларға қарсы аяусыз соққы береді. Ақырында Хорезм мен Түркістан халқын дұшпаннан құтқарады. Жау майданында ерлік көрсеткен Арыстан батырға Гүләйім қосылады. Жырда Гүләйімнің бас мақсаты қарақалпақ жерін жатжұрттық басқыншыларынан қорғау,

қалмақ ханы Сұртайша мен қызылбас ханы Надиіршаның зорлық-зомбылығынан азат ету:

Сөйлейді сонда Гүләйім:

Талап алған залым жаулар елімді.

Тыңдамады жетім-жесір шерінді.

Шөлге қамап қасиетті халқымды,

Шаңдық етті гүлге оралған жерімді.

Өшімді алдым зұлым дұшпан – малғұннан,

Елім азат, үрікті жау алдымнан... [5, 35 б.]

Жырда Гүләйімнің әрдайым халқының жанынан табылатыны айқын көрінеді. Гүлайым ұрысқа аттанар алдын бүкіл халқын жинап, олармен ақылдасып, елін, жерін қорғау үшін ержүрек жігіттерді қолына қару алып соғысқа шығуға шақырады. Жырда Гүләйім образы батыр, жауынгер қыз ретінде көрініс табады:

...жеңілмеді Гүләйім

Таныды қалмақ сыңайын

Қаһарланып бір кезде

Қайратын жинап алады.

Қалмақтың қайтып қайраты,

Басылды зәрле айбаты,

Ыза боп тісін қайрайды,

Тілін де тістеп шайнайды,

...Сұрша өлді, кетті әскері таралып

Ғарғашықта қалды көбі қамалып [5, 35 б.]

«Қырық қыз» жыры қазақ халқында да бар. Жырды Үкі жырау екі ғасыр бұрын жырлаған. Жалғасын Бақы, Бітеген, Жақып жыраулар да жырлаған. Бақы жырау баласы Мақуыт та көп жылдар ел арасында жырлап, өзінің шәкірті Қайроллаға үйреткен. Қ.Иманғалиұлының орындауы бойынша жазып алған, баспа арқылы көпшілікке қайта ұсынып отырған Қыдырәлі Саттаров [6].

Түркі халықтарының эпостарына салыстырмалы түрде назар аударсақ, батыр әйел образдары арасындағы байланысты анық көруге болады. Бұл өзара байланыс түркі халықтарының эпикалық дәстүріндегі архаикалық мотивтердің сақталуымен анықталады. Әдетте әйел образдары қоғамдағы матриархаттық идеологияның көрінісі ретінде танылады, бұдан келіп «қаһарман қыздар» образы шығады. Немесе әйел образы әйелді шаманның рухы етіп көрсететін шамандықпен жиі байланыстырылады. Әйел образдарының көнелілігін, сонымен қатар, зооморфтық бейнелерден де көруге болады. Батыр әйелдердің образдарының негізгі тіршілік кейіптері

ретінде құстарды, түрлі зооморфтық жануарларды, мифологиялық андарды, батырдың антропоморфтық бейнесін атауға болады. Эпикалық қаһармандар ғажайып орасан зор күшке ие, яғни түрлі тіршілік кейіптеріне ене алады. Біздіңше, якут, тува, хакас және алтай халықтарының эпикалық туындыларында әйел батырлар өзге кейіпке ену қасиетіне тек жақын адамын құтқару кезінде немесе қуғындауға ұшырағанда ғана жүгінеді, олар қарсыласын қапы қалдырып, айқас алаңына жылдам жету үшін осы қасиетін пайдаланады. Мысал ретінде, Алдын данғыны батырының әйелі құс бейнесіне айналуы, сол сияқты Бора-Шээлейдің сұр қоянға, Онгун-Чеченнің алтынбасты тұрпанға айнала алуын айта аламыз. Түркілердің генеалогиялық аңыздары өз тегін ана-қасқыр бейнесіне телиді. Бұл тотемнің көрінісі ретінде «Қобыланды батыр» эпосының кейіпкері бас қаһарманның әйелі Құртқаны мысал ретінде атауға болады.

Осылайша, эпоста әйелдер ғажайып күрескерлер, ошақты күзетуші және қалпына келтірушілердің образы ретінде көрінеді, олар тек сыртқы сұлулығымен ғана емес, ішкі қасиеттерімен де ерекшеленеді. Бірақ әйелдер қаһарлы күш иелері ретінде эпоста көрініс тауып отырады. Қарастырылып отырған түркі халықтары эпосындағы әйел қаһармандар образы ер батырлар секілді халықтың керемет қаһарман адам жайлы идеалдарын жүзеге асырушылар, олар белгілі бір құндылықтарды бойына жинаушылар, олардың іс-әрекеттері әлемді қабылдау мен әлемді түсінудің дәстүрлі образын көрсетеді. Мұнда қызығушылық тудыратын нәрсе, әйел образдарын талдау өте көне дәстүрлі түркі мәдениетінің архаикалық қатпарын анықтауға мүмкіндік береді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Бокту-Кириш и Бора-Шээлей. Тувин. нар. сказание / пер. с тувин., Л. Гребнева, 1969. – 134 с.
- 2 Орус-оол С.М. Тувинские героические сказания. – Новосибирск: Наука, 1997. – 582 с.
- 3 Бабалар сөзі: 100 томдық. Ғашықтық дастандар.– Астана: Фолиант, 2008. – Т.21. – 304 б.
- 4 Бабалар сөзі: 100 томдық. Діни дастандар.– Астана: Фолиант, 2004. – Т.10. – 360 б.
- 5 Dautova G.R. The image a woman in the epose of the Turkic people\ Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. №3 (118) 2017
- 6 Қазақ фольклористикасының тарихы (революцияға дейінгі кезең). – Алматы: Ғылым, 1998. – 432 б.
- 7 Әуезов М. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1969. – Т.11. – 239 б.

8 Жаңыл Мырза // Жинаушы Молдобасан Мұсылманқұлов. ҚР Ұлттық Академиясының ҚК: 3078-бума.

9 Қарақалпақ поэзияның антологиясы // Құраст. Ә. Ахметов. – Алматы, 1979

10 Рухани мұра. Қазақтың ерлік эпостары(көмекші құрал-хрестоматия): құраст. Қ. Саттаров. – Алматы: Жазушы, 2006. – Т.1. – 424 б.

#### Резюме

В статье рассматриваются образы женщин-воинов тюркского эпоса, характеризующиеся их разносторонностью.

#### Resume

The article deals with images of female warriors of the Turkic epic, characterized by its versatility.